

Атырау қаласы.

13 маусым 2025 жыл

«Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК 2024 жылғы 01 қазаннан 2025 жылғы 30 сәуірг аралығы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қоғамдық жария талқылау өткізу туралы хаттамасы.

Төраға:

С.Г Жолдыбаев

Қатысқандар, жұмыс тобының мүшелері:

А.А Зиманова- кәсіподақ төрайымы;

А.А Арыстанбаева-персоналды басқару маманы;

С.Аймуханова – материалдық есепші;

Т.Ж Губайдуллина – бас мейірбике;

М.У Шаймарданова- заңгер-комплаенс-офицер;

Бөлім меңгерушілері, аға медбикелер;

Күн тәртібі:

«Атырау облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-ны бойынша жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қортындысы бойынша қоғамдық жария талқылау;

Толық атауы: Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық қан орталығы»

Шаруашылық Жүргізу Құқығындағы Коммуналдық Мемлекеттік Кәсіпорын.

Қызметкерлер саны - 90 (дәрігерлер-13, орта буын қызметкерлер- 46, кіші буын қызметкерлер 9, әкімшілік және шаруашылық қызметкерлері – 18, қоса қызмет атқаратын қызметкерлер- 4).

Төраға: директордың медицина жөніндегі орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі С.Г Жолдыбаев.

Қатысқандар:

Жұмыс тобының мүшелері:

Ә.А Зиманова – Кәсіподақ төрайымы, дәрігер трансфузиолог;

А.А Арыстанбаева – персоналды басқару маманы;

С.Аймуханова- материалдық есепші;

Т.Ж Губайдуллина –бас мейірбике;

М.Шаймарданова- заңгер;

Бөлім меңгерушілер, аға мейірбикелер;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Өткен 2024 жылғы 01 қазаннан 2025 жылғы 30 сәуір аралығында қабылданған қан орталығының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

4. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

5. Рұқсат ету функцияларын жүзеге асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

6. Бақылау функцияларын жүзеге асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

7. Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде туындайтын басқа да мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

8. Қаржы- шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

М. Шаймарданова:

Сөз сөйлеу барысында орталықтың комплаенс-офицері М.Шаймарданова атап өтті: 2025 жылға арналған Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс қимыл үлгілік базалық бағыттың төртінші жобалар тобын іске асыру мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы 2025 жылдың 6 тамыздағы №145 бұйрықты орындау үшін өткізілген іс шараның нәтижелерін жария талқылау көзделген.

Осыған байланысты қатысушылар жұмыс тобының мүшелері, орталықтың бөлім меңгерушілері, аға медбикелер талдамалық анықтаманың алдын ала жобасы бойынша өз пікірлерін білдірді, егер ескертулер мен ұсыныстар болса онда өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Отырыс қорытындысы:

Талдамалық анықтаманың ақпараты шынайылық пен объективтілікке күмән туғызбайды, ешқандай тікелей және айқын тәуекелдер туғызбайды, сондай-ақ бұзушылықтар анықталған жоқ. Шаралар қабылдауға негіз жоқ. Бұл ретте қан орталығы қызметінің жекелеген бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалып, талқыланды.

З.Ж.

Ассеев - Федя Б